

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі" ММ
"Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия" КММ-нің кезектен тыс
қамқоршылық кеңесінің №5 хаттамасы

19 маусым 2025 жыл

Қарауылкелді селосы

Қатысқандар саны – 21

Шақырылғандар: 9 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

Күн тәртібінде:

1. "Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия" КММ директоры Б.Ж.Нуртазинаның мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

Тындалды:

1.М.М. Мәжи - қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясында 2025 жылдың 1 сәуір мен 17 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Б.Ж.Нуртазинаға берді.

Сөйлеуші:

Б.Ж.Нуртазина – өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының кезектен тыс өткізілген №5 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2025 жылдың 1 сәуір мен 17 маусым аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепкедейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды баға берілді.

Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өтке педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту және тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан тест алынды. Бастауыш,

негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.М.Мәжи өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтығын атап өтті.

Мектеп директоры Б.Ж.Нуртазина бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселе тыңдалып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсына жариялансын.

Кеңес төрағасы:

М.М.Мәжи

Хатшы:

Н.Мұратқызы

Кеңес мүшелері:

Ақдаулетова А.А.

Б.Т.Айтимов

М.Т.Кистаубаева

Г.Базарбаева

А.Б.Ануарбекова

Н.Абдиров

Р.Айтжанова

Б.Бегайдарова

А.Көшербаев

М.Б.Ахметов